8D02301 – «Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Снабекова Марита Мурзабековнаның «Халықтық космонимдердің лингвомәдени негізі (қазақ және ағылшын тілі деректері бойынша)» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына

АҢДАТПА

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Тіл ғылымындағы антропоөзекті бағыттың ізденістерінде белгілі ұлттың мәдениетіне қатысты мәселелерінің шешімін оның ғасырлар бойы жинақталған этномәдениетке қатысты бүкіл байлығын бейнелейтін маңызды ақпараты бар тіл бірліктері арқылы табу ерекше мәнге ие болып келеді. Қай халық болмасын, барлық өмір-тіршілігі, ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени, рухани байлығы сол халықтың ана тілінің інжу-маржанындай өрнектеледі де, атадан балаға, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отырады. Бұл – тіл атаулының бәріне тән объективті заңдылық, ортақ қасиет.

Әр халық осы ғасырлар қатпарында өмір сүрудің әдіс-тәсілін тауып, өзіндік мәдениетін қалыптастырады. Тіл – осы ақиқат болмысты тану барысында жинақталған әлем туралы білімді жеткізудің негізгі жолы, сол себепті тіл ғылымындағы антропоөзекті бағыт тілдің қарым-қатынас құралы қызметімен қатар, танымдық, кумулятивтік, прагматикалық т.б. қызметтеріне айрықша мән береді, өйткені ақыл-парасат, сезім иесі ретіндегі, саналы Адамның-тіл иесінің, ең басты қасиеті – өзін қоршаған әлемді көріп-сезініп, танып-білуге деген құштарлығы. Қай мәдениетте де ең басты құндылық – Адам болып табылады. Адам баласы үшін алдыңғы ұрпақ қалыптастырған дәстүрлі мәдениеті – сол халықтың бет-бейнесі, тарихы, ұлттық қадір-қасиетінің айнасы. Қазіргі ұлтты оның «тіл айнасында» тану бағытындағы зерттеулер осы ұлттық дүниетаным деректеріне терең бойлап зерттеуді мақсат етеді. Рухани күрес жолын білім іздеуден бастаған Ұлы Абай оны «Қашан бала ғылым-білімді махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты Адам болады» деп есептейді. Білімді медресе, мектептен, өмірден алуға болады. Алайда білімді болу мен нағыз адам болу бір нәрсе емес. Ұлы Абай бұған: «Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тез қолға түседі. Шала мейір шала байқайды» деп жауап береді. Мәдениеттік типтік белгісі бойынша, қазақ сахарасында «адамгершілік», «адам болу ұстанымы» алдыңғы қатарға шыққан. Абайдың қазақ ұлты үшін көксегені де осы – Адам болу. Ол үшін «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден ерек» дейді. Абайдың философиясы қазақ ұлтының болмысымен үндеседі.

Қазіргі жаһандану контексінде «Бәсекеге қабілетті тұлға, алдымен, өз халқының мәдениеті мен тілін білуі керек» деп есептеледі. Туған тілдің мәдени бастаулары мен рухани дәстүрлерімен сусындап өскен ұрпақ қана жаһандану үдерісінде жұтылып кетпей, оған төтеп бере алатын иммунитет қалыптастырады. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала

алмаса, ол адасуға бастайды». «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді». Болашаққа сеніммен қарау үшін әрбір адам өз тарихын мәдениетін терең танып, құндылықтарды қастерлеуі қажет. Осындай құндылықтың бірегейі – халықтық космонимдер, халықтық білім.

Кез келген халықтың өзі өмір сүретін кеңістігін игеруі оның ономастикасынан көрініс табады. Ұлттық мәдениет тіл иесінің кеңістікті қалай көріп, танып игеруіне қарай қалыптасады деп есептеледі. Бұны әр халықтың болмысты, жалпы әлемді қалай қабылдайтыны деп түсінуге болады. Қазақ халқы үшін әлем дөңгелек, шеңбер, оны шаңырақ бейнесіндегі шексіздік арқылы танытады. Ал «Көктем», «Жаз», «Күз», «Қыс» – қазақ халқының дәстүрлі тұрмыс тіршілігінің көрінісі, ұлттық мәдениет негізі осыдан тарайды, сондықтан қазақ халқы жыл мезгілдерінің ауысуын Жер мен Көктің табиғи заңдылықтарына сай «көктем шықты», «жаз келді», «күз болды», «қыс түсті» деп таңбалаған.Табиғатпен етене аралас көшпелі тұрмыс-тіршілік осы заңдылықтар бойынша өтіп жатады, өйткені бұл атаулардың мазмұнында терең білім сақталған. Ал қазіргі «көктем келді», «күз келді», «қыс келді» тәрізді тұлғада қолданылып жүрген өзге тілдің әсерімен енген аталымдар жыл мезгілі мен оның ерекшеліктері туралы шынайы ақпарат бере алмайды, өйткені «тілдің мәні мен мағынасы объективті ақиқатпен байланысты.

Бұл қазақ халқының өзін қоршаған орта, соған сәйкес өмір тәжірибесінен туындаған табиғат, тұрмыс-тіршілік т.б. жайлы жинаған ақпаратының тереңдігін көрсетеді. Соның бір саласы аспан әлемі жайлы ұғым-түсініктері болса, тіл байлығының бұл қатпарында астрономиялық білімінің мол болғандығын олар қалыптастырған халықтық космонимдік атаулар айқындайды.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі

Ай, Күн, Жұлдыз, Аспан – әлемге ортақ астрономиялық атаулар, бұлар адамзаттың телескопты ойлап тапқанға дейін көптеген ғасырлар бұрын пайда болған, сонымен қатар астрономия ғылымының негізгі ұғымдарын осы халықтық атаулар құрайтыны байқалып келеді.

Ай, Күн, Жұлдыз, Аспан – адамзатқа ортақ ұғым болғанымен, әр ұлт осы ортақ әлемді өзінше көріп-біліп, өзінше түсінеді, өзіндік «таным жолын» қалыптастырады. Өз әлемінің тілдік бейнесін жасайды. Аспан күмбезінің ұлттық әлемнің тілдік бейнесін жасайтын бөлігі халықтық космонимдер деп аталады да, ономастиканың құрамадас бөлігі болып табылады. Халықтық космонимдер – халықтың аспан шырақтарына ғылымға дейін-ақ, есте жоқ ескі замандарда берген, көзге арнайы құралсыз көрінетін ғарыш нысаны атаулары. Адам баласының телескопты ойлап тапқанға дейінгі таным жемісі.

Халықтық космонимдер ұлттық дүниетанымдық байлықтың ерекше күрделі саласы болып табылады, өйткені тіл иесі өзі өмір сүретін жер бетінің бет-бейнесін сол кеңістіктің әр алуан қасиетін сезініп, көзімен көріп, құлағымен

естіп, зерттеп бағалап, ақпарат жинады, сол ақпараттың мазмұнына қарай таңбалады. Ал халық аспан, аспан шырақтарының әсерін сезініп білгенімен, қарапайым адамның көзі толық жете бермейтіні анық, сондықтан негізінде мифтік сана жатқан халықтық космонимдер жер бетіндегі тұрмыстың маңызды ұғымдары мен зат құбылыстарына ұқсатудан пайда болғанын: Темірқазық, Үркер, Жетіқарақшы т.б. атаулардың туыс және туыс емес тілдердегі бейнесі айқындайды. Түнде жолаушы жүрген қазақ жолын да, уақытын да Темірқазық не Үркерге қарап айырады. Темірқазық – орнынан жылжымайтын жұлдыз, ал Үркер аспан бойында жылжып жүреді. Үркер – адастырмайтын жұлдыз, сондықтан малшы қауым Үркерді шаруашылық жағдайына қарай пайдаланған. Үркер туды, үркер жерге түсті, үркер көкке шықты, үркер көтерілді, үркер батты тәрізді атаулар жыл мезгілдері ауысуын білдірсе, «Үркер туды, сорпа ас болды» малдың қондануын білдіреді.

Ономастиканың кенжелеу дамыған саласы космонимиканы лингвистикалық пән ретінде қызықтыратыны да осы – халықтық космонимдік атаулар, олардың халықтың өмір сүру салтына негізделген қолданбалық мәні мен аталған қызметтен туындайтын тіл бірліктері. Атап айтқанда, космонимдер, тұрақты тіркестер, метафора, мақал-мәтелдер т.б. космоним құрамды этномәдени мазмұнды атаулардың тереңіндегі ақпаратты таныту диссертациялық зерттеу жұмысының өзектілігін дәлелдейтіні анық.

Қазіргі тіл ғылымы ұлттық мәдениетанымдық бірліктерді жеке дара күйінде зерттеуден гөрі мәдениетаралық деңгейде қарастыруға басымдық береді. Осы тұрғыдан алғанда, аспан әлеміне қатысты этномәдени мазмұнды тіл бірліктерін қазақ және ағылшын тілі деректері бойынша салғастыра зерттеу арқылы туыс емес тілдердің өзіндік ерекшеліктерімен қатар, ортақтық белгілерін де ашып талдау зерттеу жұмысының өзектілігін нақтылай түседі.

Зерттеудің нысаны – қазақ және ағылшын тілдеріндегі халықтық космонимдер мен олардан туындайтын ұлттық-мәдени бірліктер.

Зерттеу пәні – халықтық космонимдерге қатысты лингвомәдени, этнографиялық, этномәдени семантикалық деректер.

Зерттеу жұмысының мақсаты – қазіргі антропоөзекті бағыттың ғылыми-теориялық қағидаларына сәйкес қазақ және ағылшын тілдеріндегі халықтық космонимдердің қалыптасуы мен құрылымдық сипатын айқындау, халықтық космонимдерді туыс емес тілдердегі ұлттық әлемнің тілдік бейнесі ретінде салғастыра зерттеу арқылы ұлттық-мәдени ерекшелікпен қатар ортақтық көріністерін де анықтау.

Зерттеу жұмысының міндеттері

- қазақ және ағылшын тілдеріндегі халықтық космонимдерді антропоөзекті бағыт парадигмасында зерттеудің тұжырымдарын саралап, зерттеу нысанына сәйкес бағытын айқындау;
- қазақ және ағылшын тілдеріндегі халықтық космонимдерді құрылымдық-танымдық тұрғыдан талдау;

- қазақ және ағылшын тілдеріндегі халықтық космонимдерді мағыналық-тақырыптық топтары бойынша талдау арқылы туыс емес тілдердің ерекшеліктерін анықтау;

- қазақ және ағылшын тілдеріндегі халықтық космонимдерді ұлттық әлемнің бейнесін таныту құралы ретінде зерттеу арқылы оның туыс емес тілдердегі көрінісін сипаттау.

Зерттеудің дереккөздері

«Древнетюркский словарь» (1969), Малов С.Е. «Памятники древнетюркской письменности» (1959), Севортян Э.В. «Этимологический словарь тюркских языков» (1974-1980), Будагов Л.З. «Сравнительный словарь турецко-татарских наречий» (1869, Т.1, 1871, Т.2), М.Қашқари «Диуани луғат-ит-түрк», 3 томдық (Егеубаев А., 1997), І. Кеңесбаев «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» (1977) Е. Жанпейісов «Этнокультурная лексика казахского языка» (1989), Ә.Т.Қайдар «Қазақтар ана тілі әлемінде» (этнолингвистикалық сөздік). 3томдық (2009-2013), «Қазақ афоризмдері» (2012), Кожахметова Х.К., Жайсакова Р.Е., Кожахметова Ш.О. Казахско-русский фразелогический словарь (1988). А.В.Кунин, Англо-русский фразеологический словарь, (1984), John R. Clark Hall, A Concise Anglo–Saxon Dictionary (1916), Дж. Хокинс, Толковый словарь английского языка (2003), The American Heritage Dictionary of the English Language: New College Edition by Houghton Mifflin Company Staff (1980, Hardcover), Wayne Magnuson, English idioms vocabulary. (2018), English-Russian slang dictionary (2012), Dictionary of English idioms (2012) т.б. еңбектер пайдаланылды.

Зерттеудің әдістемелік негіздері мен әдістері

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыру үшін қазіргі тіл біліміндегі антропоцентристік парадигма аясындағы кешенді әдістемелік аппарат қолданылды. Зерттеудің әдістемелік іргетасы когнитивті лингвистика, мәдени лингвистика және статистикалық талдау принциптерінің интеграциясынан тұрады.

Зерттеу нысаны ретінде алынған космонимдерді жинақтау барысында үздіксіз іріктеу (continuous selection) әдісі қолданылды. Тілдік материалдарды іріктеуде Ә. Қайдар, Р. Сыздық, Ж. Манкеева сынды отандық ғалымдардың этнолингвистикалық зерттеулеріндегі фразеологиялық корпус құру принциптері басшылыққа алынды. Қазақ және ағылшын тілдерінің фразеологиялық, түсіндірме және этнографиялық сөздіктерінен жиналған 1000-нан астам бірлік ішінен мағыналық өзегі «Ай», «Күн», «Аспан», «Жұлдыз» болып табылатын фразеологизмдер талдаудың эмпирикалық базасын құрады.

Зерттеуші тарапынан жасалған тақырыптық классификацияның объективтілігін дәлелдеу үшін Дж. Коэн (J. Cohen, 1960) ұсынған сарапшылар арасындағы келісім коэффициенті есептелді. Тәуелсіз сарапшының бағалауы мен авторлық жіктеу арасындағы сәйкестік $k = 0.98$ көрсеткішін берді. Бұл әдістемелік қадам талдау нәтижелерінің кездейсоқ еместігін және ғылыми валидтілігін (validity) халықаралық стандарттар деңгейінде растайды.

Зерттеудің негізгі концептуалды аппараты Ф. Шарифианның (F. Sharifian, 2011, 2017) мәдени когнитивті лингвистика (Cultural Linguistics) теориясына негізделді. Бұл әдістеме аясында келесі ұғымдар қолданылды: үлестірілген (мәдени) таным (Distributed Cognition): Космонимдердің мағынасы этностың ұжымдық жадында және мәдени артефактілерде үлестірілген күйде қарастырылды; Мәдени схемалар мен категориялар (Cultural Schemas and Categories): Тілдік бірліктердің астарындағы «прототиптік» бейнелерді (мысалы, сұлулық эталоны ретіндегі Ай) айқындауға мүмкіндік берді.

Космонимдердің фразеологиялық жүйедегі ауыспалы мағыналарын, атап айтқанда Аспан денелерін адамның психо-эмоционалдық күйіне таңу процесін талдауда Дж. Лакофф пен М. Джонсонның (G. Lakoff, M. Johnson) концептуалды метафора теориясы басшылыққа алынды.

Қолданылған әдістердің кешенді сипаты «Ай», «Күн», «Аспан», «Жұлдыз» космонимдерін тек лингвистикалық тұрғыдан емес, сонымен қатар халықтың дүниетанымы мен мәдени когнициясын айқындайтын маңызды танымдық құрылым ретінде жан-жақты зерттеуге мүмкіндік береді.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері

Зерттеу жұмысының теориялық негізі ретінде антропоөзектік зерттеулердің бастауы саналатын философия, лингвомәдениеттану салалары бойынша: В.Гумбольдт, Э.Сепир, И.Г.Гердер, Б.Л.Уорф, В.Н.Телия, Н.И.Толстой, А.И.Потебня, А.Е.Карлинский, В.В.Воробьев, В.А.Маслова, А.И.Кравченко, В.И. Полищук, Н.Ф.Алефриенко, Д. Кішібеков, Т.Ғабитов, т.б. ғалымдардың жалпы мәдениет, ұлт мәдениетіне, оның түрлеріне қатысты тұжырымдары мен түркітану, қазақ тілі саласындағы көрнекті ғалымдар: Ш. Уәлиханов, А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Мұқанов, Ә.Қайдар, А.Сейдімбек, Ә.Марғұлан, Е.Жанпейісов, Ж.Манкеева, Н.Оралбаева, Ғ.Қалиев, Б.Қасым, Б.Қалиев, З.Қ.Ахметжанова, Н.Уәли, С.Н.Смағұлова, М.Ыскақов, Х.Әбішев, Т. Жанұзақов, М.С.Атабаева, Қ.Ғ.Аронов, О.М.Орынғазы, А.Б.Салқынбай, Қ.Ө.Есенова, С.К.Сәтенова т.б. ғалымдардың теориялық тұжырымдары басшылыққа алынды. Ағылшын тілі саласындағы көрнекті ғалымдар: Lado R. (Linguistics Across Cultures: Applied Linguistics for Language Teachers, 1957). Lakoff G., Johnson M. (Metaphors We Live By, 1980). Sharifian F. (Cultural Conceptualizations and Language, 2011); Cultural Linguistics, 2017). Allen, Richard Hinckley (Star names, Their Lore and Meaning. New York: Dover, 1963), Aveni, Anthony. (Native American Astronomy, 1977; Empires of time. Calendars, Clocks and Cultures, 1989) Krupp E.C. (In Search of Ancient Astronomies, 1979), Kunitzsch Paul. (The Arabs and the stars, 1989), Long, Eleanor R. (How the dog got its days: A skeptical inquiry into traditional Star and weather Lore, 1984. 43, 256-264). Liberman, 2009. Words origin and meaning, 2009)

Зерттеудің ғылыми жаңалығы

- қазақ және ағылшын тілдеріндегі халықтық космонимдер құрылымдық, мағыналық-тақырыптық топтарына қарай салғастырмалы, салыстырмалы

тұрғыда сарапталып, туыс емес екі тілдің ортақтық және өзіндік ерекшеліктері анықталды;

- негізі мифологиядан басталатын қазақ және ағылшын тілдеріндегі халықтық космонимдердің өзіндік белгілері мен қызметі анықталып, космологиялық білімнің қалыптасу ерекшелігі көрсетілді;

- космонимика ономастиканың құрамдас бөлігі, лингвистикалық пән, осыған орай, халықтық космонимдік атаулар мазмұнындағы ұлттық әлем бейнесі қазақ және ағылшын тілі деректері бойынша айшықталды;

- қазақ және ағылшын тілдеріндегі халықтық космонимдерді лексика семантикалық топ деңгейінде анықтап, этномәдени мазмұнын ашу арқылы қазақ және ағылшын халқының біршама тұтас бейнесін жасау талабы зерттеу жұмысының басты жаңалығы деуге болады.

Зерттеу жұмысының теориялық маңызы

Зерттеу жұмысының теориялық маңызын тақырыптың өзектілігі айқындайды. Космонимика ономастиканың кенжелеу дамыған саласы саналады, сондықтан халықтық космонимдерді мағыналық-тақырыптық топтарға, лексика-семантикалық топтарға таратып, салғастырмалы түрде зерттеу; қазақ және ағылшын тіліндегі космонимдерді лингвомәдени-танымдық, лингвомәдени ақпарат көзі ретінде талдап зерттеуге құрылған зерттеу жұмысының тұжырымдары мен материалдары космонимика саласында, салыстырмалы-салғастырмалы зерттеулерде, антропоөзекті бағыттағы этнолингистика, лингвомәдениеттану, аксиологиялық лингвистика саларына белгілі дәрежеде үлес қоса алады.

Зерттеу жұмысының практикалық мәні

Диссертациялық зерттеудің нәтижелері жоғары оқу орындарының филология факультеттерінде жалпы тіл білімі теориясы, семасиология, лексикология салаларына қатысты пәндер мен танымдық лингвистика, тіл және мәдениетаралық қатынас, тіл тарихы, этнолингвистика, лингвомәдениеттану, аксиологиялық лингвистика мәселелерін оқытуда практикалық материал ретінде қолданыс табады.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар

Зерттеу нәтижелері бойынша қорғауға мынандай тұжырымдар ұсынылады:

- Аспан, Ай, Күн, Жұлдыз – әлемге ортақ астрономиялық атаулар, осы ортақ әлемді әр ұлт өзінше көріп-біліп, өзінше түсінеді, өзіндік «таным жолын» қалыптастырады, өз әлемінің тілдік бейнесін жасайды; халықтық космонимдер – халықтың осы аспан шырақтарына ғылымға дейін-ақ есте жоқ ескі замандарда берген, көзге арнайы құралсыз көрінетін ғарыш нысаны атауы; адам баласының телескопты ойлап тапқанға дейінгі танымдық жемісі.

- Аспан, жұлдыздар әлемі туралы түсінік мал өсіріп, егін салатын халыққа аспан мен жердің арасын, жыл мезгілдерінің ауысу себептерін, жіті қадағалап, терең зерделеп, егін егетін, мал төлдететін уақыттарын жобалап, межелеп біліп, табиғаттың, ауа райының әр түрлі жағдайларымен үйлесе өмір сүру үшін қажет болды;

- қазақ және ағылшын тілдеріндегі халықтық космонимдердің құрылымдық, мағыналық-тақырыптық топтарының салғастырмалы, салыстырмалы тұрғыда сарапталып, зерттелуі туыс емес екі тілдің ортақтық және өзіндік ерекшеліктерін анықтайды;

- қазақ және ағылшын тілі деректеріндегі халықтық космонимдер – ұлттық дүниені тануы мен қабылдауынан қалыптасқан дәстүрлі білім жүйесіне негізделетін аксиологемалық феномен; халықтық космонимдер – көп қырлы: заттық мәдениет және рухани мәдениет деректерін таңбалайтын лингвомәдени бірлік; құндылық мәнді бірліктер ретінде; коммуникативтік – тілдік қатысымды жүзеге асыратын сөз орамы ретінде қарастырылады;

- қазақ және ағылшын тілі деректеріндегі халықтық космонимдердің лексика-семантикалық топ деңгейінде анықталып, этномәдени мазмұнының ашылуы салғастырылып отырған туыс емес тілдердің біршама тұтас бейнесін жасау мүмкіндігін туғызады.

Диссертациялық зерттеу жұмысының жариялануы мен мақұлдануы

Диссертациялық жұмыстың мазмұны мен нәтижелері бойынша 14 ғылыми мақала жарық көрді, соның ішінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің нұсқауындағы филологиялық басылымдарда – 6 мақала, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жинақтарында – 6 мақала, шетелдік халықаралық журналдарда – 2 мақала жарияланды.

Диссертациялық зерттеу жұмысының құрылымы

Диссертациялық зерттеу жұмысы кіріспеден, Халықтық космонимдер жүйесін зерттеудің тілдік-әдіснамалық негіздері; Қазақ және ағылшын тілі деректеріндегі халықтық космонимдердің лингвомәдени–танымдық құрылымы атты екі тараудан, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

Диссертациялық зерттеу жұмысының бірінші бөлімі бойынша негізгі тұжырымдар

Атаулар өз дәуірінің ерекшелігінен хабар береді. Адамның танымдық әрекеті ақиқат болмысты игеруге, қоршаған ортаны түйсініп, өзі жинақтаған білімдер негізінде әлемдегі орнын түсінуге бағытталады. *Аспан, Ай, Күн, Жұлдыз* – әлемге ортақ астрономиялық ұғым атаулары, сондықтан аспан әлемі атауларын бастапқыда астрономия ғылымы зерттеді. Ал халықтық космонимдер – жер бетіндегі қай халықтың да аспан шырақтарына ғылымға дейін-ақ берген өзіндік атаулары, сондықтан олар қазіргі астрономия ғылымы терминдерімен сәйкесе бермейді. Дегенмен астрономия ғылымының негізгі ұғымдарын халықтық атаулар құрайды. Адам баласы ежелгі заманның өзінде-ақ әлемнің қай түпкірінде де аспан әлемін еш құралсыз-көріп, олардың «мінез-құлқын», қыр-сырын терең зерттеп, шаруашылығын, тұрмыс-тіршілігін соған қарай үйлестірген. Бұл адам баласына қатал табиғат ортасында өмір сүру үшін өте қажет болды.

Аспан әлемі туралы «ғылым» тарихы ғасырлардың қатпар-қатпар қойнауларынан бастау алады. Алғашқы қарапайым түсінік мал жайылған

жазық далаларда, жойқын күшті асу бермес өзендердің егін салынған аңғарларында сол жерлерді мекендеуші халықтардың тіршілік көзі – мал-жанын табиғат апатынан қорғап, өсіріп-жетілдіру мақсатынан пайда болды. Оның ғылымға алғаш жария болған отаны – Мысыр (Египет) еді. Мысыр абыздары өздерін күйзеліске ұшыратып келген Ніл өзенінің тасуы Сүмбіле (Сириус) жұлдызының туған кезімен байланысты екенін біліп, сол арқылы егін егетін уақытты анықтап отырған.

Аспан, Ай, Күн, Жұлдыз – әлемге ортақ астрономиялық ұғым атаулары, осы ортақ ұғымды әр халық өзінше қабылдайды, өз тұрмыс-тіршілігінің көзімен көреді. Әлемінің екінші бір түпкірінде мал өсіріп, көшпелі тұрмыс кешіп жүрген қазақтар «Сүмбіле туа су салқындайды», «Сүмбіледе сорпа майлы» дейді екен, өйткені «Сүмбіле туса, жаз аяқталып мал семіреді». «Сүмбіле туа су салқындайды» да, түйе мен қой өкпе ауруынан аман қалады. Сүмбіле туғаны – қоңыр күздің белгісі. Сыр бойы малшылары «Сүмбіле туған соң Сырға кетеміз». Қаратаудың жоны салқын болады, шілдеде жонның ең биігінде боламыз, «Таразы тумай таудан түспейміз, Таразы туған соң етекке жылжимыз» деп мал-жанына жайлы уақытты болжап межелеген. Мал шаруашылығы ғана емес, егін шаруашылығымен айналысқан қазақтардың егін салу, жинау мезгілін жұлдыздарға қарап белгілеу тәжірибесі болған. «Үркер туды енді қауын піседі», «Үркер көтерілмей, тары көтерілмейді» т.б. көптеген тіркестер ұлттық таным деңгейінен хабар береді. Халықтың тұрмыс-тіршілігін бейнелейтін тіркестер ұлттық дүниетаным көрінісі болып табылады.
Халық «есепшілерінің» астрономиялық білім нәтижесі көптеген ғылымның өзегіне айналды. Тіпті, арнаулы құралдар, уақытты белгілейтін сағаттар пайда болғаннан кейін де тіршілігін жұлдыздың тууы мен батуына қарап айыру қай халықтың дәстүрлі мәдениетіне тән.

Диссертациялық зерттеу жұмысының екінші бөлімі бойынша негізгі тұжырымдар

Зерттеудің екінші тарауында қазақ және ағылшын тілдеріндегі космоним компонентті фразеологиялық бірліктер «ай/moon», «күн/sun», «жұлдыз/star» және «аспан/sky» макротоптары аясында қарастырылып, олардың мағыналық-тақырыптық топтары анықталды. Талдау нәтижесінде «ай/moon» компонентті бірліктер 10 тақырыптық топқа, «күн/sun» компонентті бірліктер 9 тақырыптық топқа, «жұлдыз/star» компонентті бірліктер 5 тақырыптық топқа, ал «аспан/sky» компонентті бірліктер 4 тақырыптық топқа жіктелді. Әрбір топ ішіндегі тілдік деректер қазақ және ағылшын лингвомәдениеттері негізінде салыстырмалы түрде талданып, олардың ортақ және ұлттық-мәдени ерекшеліктері айқындалды.

Зерттеуде «фразеологизм» ұғымы тар мағынада емес, кең мағынада қолданылды. Қазіргі фразеология ғылымында тұрақты тіркестер жүйесіне тек идиомалар ғана емес, мақал-мәтелдер, тұрақты фразалық оралымдар, қанатты сөздер мен формулалық қолданыстар да енгізіледі (Cowie, 1998; Moon, 1998; Burger, 2015). Осыған байланысты жұмыста космоним компонентті идиомалармен қатар мақал-мәтелдер мен тұрақты фразалық тіркестер де

зерттеу нысаны ретінде қарастырылды. Мұндай ұстаным халықтық космонимдердің құрылымдық ерекшеліктерінен гөрі олардың ұлттық дүниетанымдағы семантикалық, когнитивтік және лингвомәдени қызметтерін тереңірек ашуға мүмкіндік береді. Сондықтан қазақ және ағылшын тілдеріндегі тұрақты қолданыстар біртұтас фразеологиялық кеңістік аясында сипатталды.

Зерттеу нәтижелері екі тілдегі космонимдердің бастапқы астрономиялық мағыналарынан алыстап, адамның дүниетанымын, эмоциялық тәжірибесін, әлеуметтік қатынастарын және мәдени құндылықтарын бейнелейтін күрделі символдық жүйеге айналғанын көрсетті. Бұл құбылыс әсіресе «ай/moon» компонентті бірліктерден айқын байқалады. Қазақ тілінде Ай уақытты өлшеудің, маусымдық өзгерістерді бақылаудың, кеңістікті бағдарлаудың және адамның өмірлік циклдерін танудың маңызды құралы ретінде көрінеді. «Ай артынан ай өтті», «айдың бір жаңасы», «ай-күні жетіп отыр», «тоғыз ай тоғыз күн» тәрізді тұрақты тіркестер уақыттың циклдік сипатын, биологиялық уақытты және халықтық күнтізбелік білімді бейнелейді. Ал ағылшын тілінде Moon көбінесе адамның эмоциялық-психологиялық тәжірибесімен байланыстырылады. Once in a blue moon, over the moon, moon about somebody, moon away сияқты бірліктер сиректік, қуаныш, сағыныш, меланхолия және субъективті уақыт қабылдауын білдіреді. Дегенмен екі тілде де Ай уақыттың маңызды көрсеткіші және мәдени мәнге ие космологиялық символ ретінде сақталған.

«Күн/sun» компонентті фразеологизмдерді талдау да маңызды ұқсастықтар мен айырмашылықтарды көрсетті. Екі лингвомәдениетте де Күн өмірдің, жарықтың, тіршіліктің және белсенді әрекеттің символы ретінде концептуалданады. Сонымен қатар Күн уақыттың өтуін, еңбек пен күнделікті тіршіліктің ұйымдасуын бейнелейді. Алайда қазақ дүниетанымында Күн көбінесе табиғатпен үйлесімді өмір сүрудің, берекенің және тіршілік бастауының белгісі ретінде көрінсе, ағылшын тілінде ол жеке жетістікке, мүмкіндікті тиімді пайдалануға және уақытты ресурс ретінде қабылдауға қатысты қолданыстармен ерекшеленеді. Бұл айырмашылық көшпелі және отырықшы өркениеттердің тарихи-мәдени тәжірибесінен туындайды.

«Жұлдыз/star» компонентті фразеологизмдерді салыстыру барысында екі тілде де жұлдыздың тағдыр, үміт, мақсат және адам өмірінің бағдары ретінде танылатыны анықталды. Қазақ тілінде жұлдыз көбінесе адамның бақытымен, тағдырымен және өмір жолымен байланыстырылады. «Бақыт жұлдызы», «жұлдызы жанды», «жұлдызы сөнді», «жұлдызы ұшты» сияқты қолданыстар адамның әлеуметтік мәртебесі мен өмірлік жолын сипаттайды. Ағылшын тілінде де star компоненті жетістік, танымалдық және жоғары мақсаттармен байланысты қолданылады. Reach for the stars, lucky star тәрізді бірліктер адамның арман-мұраты мен жетістікке ұмтылысын білдіреді. Осылайша, екі тілде де жұлдыз адамның тағдыры мен болашағын бейнелейтін әмбебап символ ретінде көрінеді.

«Аспан/sky» компонентті фразеологизмдер де ортақ семантикалық негізге ие. Екі тілде де аспан жоғары күштердің, құдайылық бастаманың, шексіздіктің

және рухани кеңістіктің символы ретінде қолданылады. Қазақ тілінде аспан тәңірлік дүниетаныммен, киелілікпен және табиғатпен сабақтасса, ағылшын тілінде sky/heaven христиандық мәдени дәстүрмен тығыз байланысты. Соған қарамастан екі лингвомәдениетте де аспан адамның рухани бағдарларын, моральдық құндылықтарын және әлем құрылымы туралы түсініктерін бейнелейтін әмбебап мәдени код қызметін атқарады.

Салыстырмалы талдау нәтижесінде қазақ және ағылшын тілдеріндегі космоним компонентті фразеологиялық бірліктердің бірқатар әмбебап белгілері анықталды. Екі халық та аспан денелерін уақытты өлшеу, кеңістікті бағдарлау, адам тағдырын түсіндіру және эмоциялық тәжірибені бейнелеу құралы ретінде пайдаланған. Бұл ұқсастықтар адамның ғарышпен байланысына негізделген жалпыадамзаттық танымдық модельдердің бар екенін көрсетеді. Сонымен қатар ұлттық ерекшеліктер де айқын байқалады. Қазақ тілдік әлем бейнесінде космонимдер табиғатпен үйлесімді өмір сүруді, көшпелі мәдениеттің тәжірибесін, халықтық астрономия мен күнтізбелік білімді сақтап қалған болса, ағылшын тілінде олар адамның ішкі эмоциялық әлемін, жеке жетістігін, әлеуметтік ұмтылыстарын және субъективті тәжірибесін бейнелеуге көбірек бағытталған.

Осылайша, космоним компонентті фразеологиялық бірліктер екі халықтың ғалам туралы білім жүйесін, мәдени жадын және дүниетанымдық ұстанымдарын сақтайтын маңызды тілдік бірліктер болып табылады. Олардың мағыналық-тақырыптық жіктемесі қазақ және ағылшын лингвомәдениеттеріндегі ортақ когнитивтік негіздерді де, ұлттық-мәдени ерекшеліктерді де анықтауға мүмкіндік берді. Зерттеу нәтижелері халықтық космонимдердің тек астрономиялық атаулар ғана емес, ұлттық мәдениеттің, тарихи тәжірибенің және дүниетанымдық білімнің маңызды тілдік репрезентанттары екенін дәлелдейді.

Жүргізілген кешенді зерттеу жұмысының нәтижесінде қазақ және ағылшын тілдеріндегі деректер негізінде космонимдер жүйесінің лингвомәдени, құрылымдық-семантикалық және когнитивтік сипаты айқындалып, жалпы қорытындылар жасалды. Ал метафоралық тәсіл екі тілде де космонимиялық лексиканы номинативті деңгейден лингвомәдени символдар деңгейіне көтеріп, ұлттық фразеологиялық қорды байытудың негізгі тетігі ретінде қызмет ететіні дәлелденді.

Ең алдымен, халықтық космонимдердің антропоөзектік парадигма аясындағы табиғаты сараланып, олардың жай ғана аспан денелерінің атауы емес, халықтың ғасырлар бойғы жинақтаған тәжірибесін, сенім-нанымын және логикалық ойлау жүйесін сақтайтын күрделі лингвокогнитивтік құрылымдар екені дәлелденді. Зерттеу барысында космонимдердің адам мен ғалам арасындағы байланысты реттейтін когнитивтік тетік ретіндегі қызметі айқындалып, зерттеу нысанының теориялық бағыттары нақтыланды.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі халықтық космонимдерді құрылымдық-танымдық тұрғыдан талдау барысында типологиялық ұқсастықтары мен өзіндік ерекшеліктері анықталды. Екі тілде де номинациялаудың ұқсас

тәсілдері қолданылғанымен, олардың ішкі бейнелілік мазмұнының этникалық сипаты әртүрлі. Қазақ тіліндегі космонимдерде зооморфтық-мифологиялық бейнелердің (Үшарқар, Жетіқарақшы) үлесі басым болса, ағылшын тілінде антропоморфтық-ландшафттық (The Plough, Watling Street) бейнелеу үлгілері алға шығады. Бұл айырмашылықтар жалғамалы және флективті тілдердің құрылымдық заңдылықтарымен ғана емес, халықтардың тарихи тұрмыс-тіршілігімен де тікелей байланысты.

Зерттеу нысанын мағыналық-тақырыптық топтар бойынша талдау туыс емес тілдердің этномәдени ерекшеліктерін айқын көрсетті. Космонимдердің мағыналық өрісі қазақ тілінде мал шаруашылығы мен көшпелі мәдениетке негізделсе, ағылшын тілінде навигациялық және техникалық-тұрмыстық ұғымдар төңірегінде топтасады. Осы орайда, зерттеудің әдістемелік сенімділігін арттыру мақсатында қолданылған сандық талдау (Cohen's Kappa) нәтижесінде алынған 0.98 деңгейіндегі көрсеткіш таңдалған лингвистикалық критерийлер мен топтастырулардың ғылыми негізділігін толық айғақтайды.

Қорыта айтқанда, қазақ және ағылшын тілдеріндегі космонимдерді салғастырмалы зерттеу әлемнің тілдік бейнесіндегі ортақ адами құндылықтар мен ұлттық бірегейлікті танудың тиімді құралы болып табылады. Зерттеу барысында алға қойылған барлық міндеттер орындалып, халықтық космонимдердің лингвомәдени және құрылымдық-танымдық жүйе ретіндегі сипаты толық ашылды.

Диссертациялық зерттеу жұмысының жариялануы мен мақұлдануы

Диссертациялық жұмыстың мазмұны мен нәтижелері бойынша 14 ғылыми мақала жарық көрді, соның ішінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің нұсқауындағы филологиялық басылымдарда – 6 мақала, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жинақтарында – 6 мақала, шетелдік халықаралық журналдарда 2 мақала жарияланды. Атап айтқанда:

ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми басылымдар тізбесіне енетін журналдарда 6 мақала жарияланды:

1. *Халықтық космонимдер – этномәдени дереккөз.* ПМУ-дің Хабаршысы. Филология сериясы, 4(2), 2019, 290–295. ISSN 1811-1823. (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі – 80%, қосалқы авторлар: Атабаева М. – 20%).

2. *Халықтық космонимдер – этномәдени дереккөз.* Қазақстанның ғылымы мен өмірі: Халықаралық ғылыми журнал, 7, 2020, 167–169. ISSN 2073-333X. (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі – 80%, қосалқы авторлар: Атабаева М. – 20%).

3. *Космонимдік атаулардағы әлемнің тілдік бейнесі мәселесі.* Абай атындағы ҚазҰПУ-дің Хабаршысы. *Филология ғылымдары сериясы*, 2(72), 2020, 269-273. ISSN: 1728-7804. (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі – 100%).

4. *Халықтық космонимдер – ұлттық дүниетаным жайындағы ақпарат көзі.* Ш.Уәлиханов атындағы КПУ-дің Хабаршысы. *Филология сериясы*, 4(2), 2020, 12-18. (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі – 80%, қосалқы авторлар: Атабаева М. – 20%).

5. *Қазақ және ағылшын тілдеріндегі «аспан» космонимінің лингвомәдени семантикасы жайында.* Абылай хан атындағы КазУМОиМЯ Известия журналы. *Филология ғылымдары сериясы*, 74 (3), 2024 https://doi.org/10.48371/PHILS.2024.3.74.016 (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі – 100%).

6. Cosmonyms - in the frame of traditional kazakh culture, Абылай хан атындағы КазУМОиМЯ Известия журналы, *Филология ғылымдары сериясы*, (30.12.2025) Том 79 №4 / 2025 https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.4.79.025 (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі – 70%, қосалқы авторлар: Атабаева М. – 20%, Нуртаева А. – 10%).

Қазақстан Республикасында және жақын шет елдерде өткізілген халықаралық-практикалық конференцияларда 6 мақала жарық көрді, оның ішінде:

Отандық халықаралық конференцияда:

1. Космонимдер – ономастиканың құрамдас бөлігі. *Ұлы дала тұлғалары: Жұбановтар тағылымы және жазу реформасы* атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары (Алматы, 19.12.2019), 160–162. (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі – 100%).

2. Ұлттық мәдениетімізді дәріптеуде аңыздардың ролі. *Профессор Б.Қ. Қалиевтің 80 жылдығына арналған «Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері»* атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары (Алматы, 25.01.2019), 404–407. (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі – 100%).

3. Қазақ және ағылшын мәдениетіндегі «уақыт-кеңістік» ұғымының тілдік бірліктері. *Тәуелсіздік тұғыры – тіл, таным, тарих* атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн конференция материалдары. Алматы: Елтаным баспасы, 113–118. (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі – 100%).

Шетелдік халықаралық конференцияда:

1. The role of national cosmonyms in the development of nomadic cattle breeding (Ұлттық космонимдердің көшпелі мал шаруашылығын дамытудағы рөлі). *Халықаралық Алтай қоғамдастықтары симпозиумы – VIII: Жануарлар мен мал шаруашылығы* (Бішкек, Қырғызстан, 19–23 тамыз, 2019 (2023)). *Türk dünyası belediyeler birliği yayınları*, 38, 445–452. ISBN 978-605-2334-16-4 (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі – 80%, қосалқы авторлар: Атабаева М. – 20%).

2. Linguistic representations of the "Sun" Cosmonym in Kazakh and English languages. *V - Халықаралық Түрік цивилизациясы конгресі* (Қырғызстан, Бішкек, 17-19 сәуір 2025). Баяндамалар жинағы, Қырғызстан, Бішкек, 17-19.04. 2025, 491-498 бб. ISBN 978-9967-9645-1-8. (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі – 100%).

3. Снабекова, М. М. (2025). Қазақ және ағылшын тілдеріндегі "Ай" космонимінің тілдік көріністері жайында. *XII Халықаралық Түрік әлемі зерттеулері симпозиумы* (Түркия, Нигде, 21-23 мамыр 2025). Баяндамалар жинағы. I том / ред. Кевсер Акман, Мерве Нур Ертем. – Конья: Чизги Китабеви, 2025, 35-44 бб. – ISBN 978-625-396-653-9. (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі – 100%).

Шетелдік халықаралық журналда:

1. Atabaeva, M. S., Snabekova, M. M., & Kanabekova, M. (2020). Function of national cosmonyms in Abay Kunanbayev's aphorisms. *Karadeniz Uluslararası Bilimsel Dergi*, 47, 73–90. ISSN: 1308-6200. https://doi.org/10.17498/kdeniz.738394). (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі – 70%, қосалқы авторлар: Атабаева М. – 20%, Канабекова М. – 10%).

2. Marita Snabekova, Mereke Atabayeva, Aisulu Nurtaeva, Katira Balabekova, Symbat Yessimkulova, Kulpash Koptleuova (2025). A Comparative Study of Kazakh and English Cosmonyms: Linguistic, Cultural, and Epistemological Insights. Forum for Linguistic Studies | Volume 07 | Issue 10 | October 2025, pp. 1224–1236 DOI : https://doi.org/10.30564/fls.v7i10.11198) (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі – 60%, қосалқы авторлар: Атабаева М. – 10%, Нуртаева А. – 10% Балабекова Қ. – 10%, Есимкулова С. – 5%, Коптлеуова К. – 5%).

Ғылыми кеңесшісі:
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Қазақ тілі білімінің теориясы мен әдістемесі
кафедрасының
профессоры, ф.ғ.д. **М.С. Атабаева**

HR қызметі
HR служба
Қолы
Подпись
Растаймын: «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ HR қызметі
Заверено: НАО «Казахский национальный женский педагогический университет» HR служба